



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

А. БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ  
ҚОСТАНАЙ Өңірлік Университеті

## АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ  
БЕРУДІҢ ҮЗДІКСІЗДІГІ –  
ЗАМАНАУИ ПЕДАГОГТАРДЫҢ  
ТАБЫСТЫЛЫҒЫНЫҢ КЕПІЛІ»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ  
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ  
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

## МАТЕРИАЛДАРЫ

I КІТАП

## АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

## МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ  
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ  
КОНФЕРЕНЦИИ

«НЕПРЕРЫВНОСТЬ ПЕДАГОГИЧЕСКОГО  
ОБРАЗОВАНИЯ – ЗАЛОГ УСПЕШНОСТИ  
СОВРЕМЕННЫХ ПЕДАГОГОВ»

I КНИГА

Қостанай, 2022

ерекше орын алатынын жақсы түсінген. [4, 432б]. «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің» дегендей жасөспірімдердің басында кездесетін түрлі жаман мінездерді отбасындағы тәрбиемен терең астастырады. Адамның жеке басының мінез – құлқын қалыптастыру, оның бойынан жойылып бара жатқан адамгершілік қасиеттерді сіңіру, иманжүзді етіп тәрбиелеу ата – ананың тікелей әсерімен отбасынан басталып, мектепте жүзеге асатынын ескерген жөн. Ыбырай келешегінен үміт күткен, өз халқын жан тәнімен сүйген, халқының мәдени көркейіп өсуі үшін бойындағы бар күш жігерін аянбай жұмсаған нағыз патриот азаматтар еді. Өз заманының ақыл ойшылдары ірі қоғам қайраткерлері, олардың дарқан бейнелері мен іс әрекетінен қазақ халқының мәдени экономикалық дамуын, қазақтың ұлт болып бірігуін, жаппай сауатты, мәдениетті, оқыған ел болуын көкसेген біртуарасылазаматы. [1, 345б]. Қазақ педагогикасының дамып, өркендеуіне белсене ат салысып мынандай үлес қосты: қазақ балаларына алғаш мектеп ашты, Ырғыз қазақ қыздарына арналған мектеп – интернат ашты, «Қазақ хрестоматиясын», «Қазақтарға орыс тілін үйретудің бастауыш құралын» жазды. Қоғамның заңды тіршілік етуі тек қана халықтың ағартушылық деңгейі қоғамдық және дара санының дамуы арқылы мүмкін болатынын тарихи іс тәжірибе көрсетіп отыр. Әлемдік деңгейдегі барлық құқықтық мемлекеттерде азаматтық қоғам ғасырлар бойы жинақталған құндылықтар негізінде қалыптасқаны белгілі. Осы бағытта Ы.Алтынсарин игілікті ісін ықыласпен қолдап, оны егемен елдің білім беру жүйесінде оқыту мен тәрбиенің озық үлгісі ретінде жандандырып, инновациялық сипатта әр бере отырып, тиімді қолдану білім беру міндеттерінің талабы болған абзал.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Ы.Алтынсарин тағылымы. Алматы 1991 ж
2. Ы. Алтынсарин «Өнер білім бар жұрттар» Алматы, 1989ж
3. Ы.Алтынсарин . Таңдамалы шығармалары.320 бет
4. Ы.Алтынсарин тағылымы. Құрастырған М.Жармұхамедов
5. Дербісәлин Ә. Әдебиет туралы толғаныстар. А, Ғылым .1990.
6. Жарықбаев Қ. Қазақ ағартушылары жастарды тәрбиелеу туралы. А, 1965.
7. Кәкішев Т. Қазақ әдебиеті сынының тарихы. А, Санат. 1994.
8. Керімбаев Н. Жасымда ғылым бар депескермедім. А ,Рауан. 1995.
9. Қирабаев С. Бес ғасыр жырлайды 2-т. А, Жазушы. 1989.
10. Ламашев Ә. ЫбырайАлтынсарин. А, Аналігі. 1991.
11. Сыздықов Ә. Ы. Алтынсариннің педагогикалық идеяларымен ағартушылық қызметі. А, 1969.

ӘОЖ: 373.71

#### ТАБЫСТЫ МЕКТЕП БОЛУ ЖОЛЫНДАҒЫ ҰСТАЗДАР ҚЫЗМЕТІ

**Алимова Айткуль Едресовна,**  
Н.Наушабаев атындағы мектеп – гимназия директоры  
**Саржанова Нурзия Молдабаевна,**  
мектеп директорының ғылыми – әдістемелік ісі  
жөніндегі орынбасары  
Тобыл қ., Қазақстан

#### Аннотация

Өзектілігі және мақсаты. Ұстаздық қызметтің табысты болуы үшін мектептегі әдістемелік жұмыс жүйесі бойынша әдістемелік жұмыстың мазмұны, әдістемелік жұмыс формаларының оптимальді түрлері, мұғалімнің кәсіби шеберлігін жетілдірудің жолдары туралы мектептегі іс – шаралармен негізделіп отырып жазылған. Әдістемелік қызметтің басты идеясы ынтымақтастық, өзара байланыс, шығармашылдық табысқа жетудің жолы. Шығармашыл, шебер ұстаздыққа жетудегі мектептегі кәсіби педагогикалық ынтымақтастықтың жүйелілігінің маңызы туралы айтылған.

**Түйін сөздер:** ұстаздық қызмет, мектептегі басқару, табыс, білік, білім, дағды.

#### Аннотация

Актуальность и цель. Успешная преподавательская деятельность заключается в системности методической работы в школе. Оптимальные формы методической работы, пути совершенствования профессионального мастерства учителя были составлены с учетом внутришкольных мероприятий. Главная идея методической деятельности - сотрудничество, взаимодействие, творческий путь к успеху. Путь к творчеству и профессионализму учителя лежит системности работы профессионального педагогического сотрудничества в школе.

**Ключевые слова:** педагогическая деятельность, управление в школе, успех, умения, знания, навыки.

## Annotation

Relevance and goal. Successful teaching lies in the consistency of methodological work at school. The optimal forms of methodological work, ways to improve the professional skills of the teacher were made taking into account intra-school activities. The main idea of methodical activity is cooperation, interaction, creative way to success. The way to creativity and professionalism of the teacher lies in the systematic work of professional pedagogical cooperation in school.

**Keywords:** pedagogical activity, school management, success, skills, knowledge, skills.

Өлемдегі білім беру үрдісі қоғамдық іс-әрекет ретінде қоғамда өзінің өзгерісін, ізін қалдырады. Білім беру жүйесі деңгейі қоғамдық дамудың деңгейін көрсетеді, - деп те айтуға болады. Осы тұрғыдан қарайтын болсақ, білім берудегі сапалылыққа бетбұрыс қоғамның болашақ дамуының тек қана салдары болып қоймай, қажетті шарттары да болып табылады. Қазіргі кезде ғылым мен техниканың даму деңгейі әрбір адамға сапалы және терең білімнің, іскерліктің болуын қажет етеді.

Тез өзгеріп отырған жаңа заманның жаңа адамын тәрбиелеу, оқыту үшін үнемі ізденіп, білімін, біліктілігін арттырып отыру жүйелі жұмысты және педагогтардың ғылыми, әдістемелік, кәсіптік, мәдени деңгейін сапалы көтеру бойынша ұжымдық, топтық, жеке жұмыстар жүйесін қосатын кешенді және шығармашылық даму үрдісін қажет етеді. Мектеп педагогтарының жоғары әдістемелік мәдениетте жұмыс жасауы және өз еңбегінің сапасы мен нәтижесіне талап қоя білудің маңызды бағыты ол оқытуды ұтымды, тиімді әдістермен ұштастырғанда ғана табыс пен тиімділікке әкелері сөзсіз. Оқушыны шығармашылықпен оқыту немесе шебер ұстаз ғана оқушыларда танымдық, ойлау қызметін жандандырып, терең, берік білімді, іскерлік пен дағдыны қалыптастыратын болады.

Шебер ұстаз дегенді шығармашыл ұстаз деп те атар едім. Шығармашыл ұстаз күнделікті әрбір сабағын түрлендіріп өткізуге тырысады. Оқушының білімін көтерудің ең басты шарты-оның пәнге деген қызығушылығын арттыру. Пәнге деген қызығушылығы болса ғана, бала оған көңіл қойып тыңдап, тереңдете оқып үйрене бастайды. Пәнге қызыққан оқушының білім сапасының жоғары болатыны белгілі. Шебер мұғалім үнемі оқушының ойлау белсенділігін арттырып, білімге қызығушылығын тудыру үшін сабақтарын құрастыруда жүйелі жұмысты ұйымдастыра алады. «Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасы «Қостанай ауданы әкімдігінің білім бөлімі Нұржан Наушабаев атындағы мектеп – гимназиясы (жанындағы интернатымен)» КММ – де жалпы 100-ге жақын мұғалім ұстаздық қызмет етеді. Ұжымдағы мұғалімдердің негізгі жұмыс мақсаты - сапалы білімнің қолжетімділігін қамтамасыз ету арқылы, білімді шәкірттердің бәсекеге қабілеттілігін, сапасын арттыру, - деп таңдалған.


Ұстазсыз, оның ішінде білімді, танымы мол, шығармашыл ұстазсыз мектеп ешқашан да табысты бола алмайды. Себебі, ұстаздық өнер - тағылымы терең өнер. Ал ұстаздық табиғатынан өнерлі болу деген сөз, ол кез- келген педагогта кездейсоқ бола бермейді. Олай болса, талантты ұстаз болу үшін табиғи дарын, ізгілікті ізденіс пен ерен еңбек ұштастырылуы шарт. «Ұстаз болу өз уақытыңды аямай, өзгенің бақытын аялау», -деп Мұхтар Әуезов айтқандай, уақытпен санаспай әр педагог аянбай еңбек етіп, өз білімін үнемі жетілдіріп отырғанда ғана ұстаз бақытына ие бола алады.

Ал осы ұстаздың талантына қанат бітіретін, алға жетелейтін де көбіне мектеп әкімшілігінің дұрыс, мақсатты ұйымдастырылған қызметінен болатыны сөзсіз. Мектебіміздегі әдістемелік жұмыс жүйесінің моделі де осындай шығармашыл ұстаздарды шыңдау мақсатында өз жұмыс жүйесін құрастырған. Осы жүйенің орталығы, яғни жүрегі ұстаз десек, осы жүректің жақсы жұмыс жасауы да ұстаздардың үндестігі мен ынтымақтастығын қамтиды.

Мектептегі басқару мен атқару қызметіндегі синхронды қызмет қана нәтижелі жұмыс берері сөзсіз. Мектептегі жұмыстың жоғарғы органы педагогикалық ұжымның қабылдаған шешімі барлық атқарылар істің бастауы болуы шарт. Педагогикалық кеңес ол білім берудің үздіксіздігі: үрдістер, үдерістер, мәселелер, осы мәселелерді шешудің және анықтаудың мен жобалаудың бастауы осы педагогикалық кеңестен басталуы сөзсіз.

Әр педагогикалық іс – әрекет тек педагогикалық теория ғана емес, нормативті құжаттар негізінде жүргізілуі қажеттігі де үнемі естен шықпауы қажет.

Кесте -1



## Өз біліктілігін арттырумен жоспарлы жұмыс

Педагогикалық кеңес тапсырмаларын орындау әдістемелік кеңес жұмысы негізінде жүзеге асуы керек. Себебі әдістемелік үндестік болған жерде табысқа жету оңайырақ болады. Осы орайда Генри Фордтың «Бір жерге жиналу – бұл жұмыстың басы, Шешу үшін бірігіп отыру - бұл прогресс, Бірге бастау – бұл жетістік» дегеніндей бір жерде болу табысқа жету үшін бірлесудің мәні зор екеніне әріптестеріміздің көзін жеткізу мақсатында көптеген іс – шаралар мен зерттеулер жүргізуге тура келді.

Мектеп – гимназия мұғалімдерінің қызметін тиімді әрі өнегелі, табысты жүргізу мақсатындағы ең негізгі құрал ол «Шың» мұғалімдер кәсіби бірлестігі.

1-сурет



Кәсіби бірлестіктің негізгі «Біздің не істейін деп жатқанымыз онша маңызды емес, оны кіммен жасайын деп жатқанымыз маңызды» - деп Д.Коллинз айтқандай біз өз қадамымызды бірге бастайтын топ мүшелерімен кеңесіп біз не жасай аламыз, оны қалай жасаймыз, сонда не болады? –сұрақтарының жауаптарын болжап жоба жасадық. Жобаны жасау үшін оны жүзеге асыратын құралдарды таңдадық. Оған әр кез талдау жасап отырдық. Нәтижеге келе жатқанымызды немесе оны өңдеуіміздің қажеттігін білсек әрекетті қайта бастаудан жалыққан жоқпыз.

Енді міне осы жұмыстың алғашқы табыстарын да көрудеміз. Осы бірлестіктегі мұғалімдер жұмысының жүйелілігі табыстылығын 3 оқу жылында облыстық сараптамалық кеңес шешімімен қорғалып, өз авторлық құқығына ие болған мына ұстаздардың еңбегінен байқауға болады. Олар;



Есмуханова Г.Р., Кишкентаева Б.Ж, Жусіпбекова Р.Қ – ның «Сыйқырлы жіптер» дамыту бағдарламасы, әзірлемесі, Жусіпбекова Р.Қ., Мырзаханова Ш.Х «Қызықты логика» қолданбалы курс бағдарламасы, әзірлемесі, психолог Тюлекенова Д.А. «Сенімділік күш береді» емтиханға психологиялық-педагогикалық дайындау бойынша әдістемелік құралы, Хакимова С.Ж., Байбатырова А.Т, Темирбаева М.М., Кулахметова К.Р. бірлесуімен - «Тригонометриялық өрнектерді шешу» 10-сыныпқа арналған оқу құралы, физика мұғалімі Кожаниязова Г.М.-ның «9-11-сыныптарға арналған электронды оқу құралы», Нарикбаева К.А.-ң «Экономика негіздері» 4 сынып оқушыларына арналған факультатив курсының бағдарламасы мен сабақтар жинағы, Тосмағамбетова Б.Ш., Иргасимова Д.И., Ибраева Ж.Б., «Ұлттық ойын – денсаулық негізі» 1-5 сыныптарға арналған оқу бағдарламасы, оқу-әдістемелік құралы», Ергалиева М.Т., Шунгулова Р.А., жұптасуымен «Табиғатты аяла» атты қолданбалы курсының бағдарламасы мен сабақтар жинағы, Буркитбаева А.М., Сейтмағамбетова Ш., Нуржанова С.Т., Ахмет Г.Т., Байгенжина Г.Т. бірлесуімен «Сөз сыры» қазақ тілі пәні мұғалімдеріне арналған қолданбалы курс бағдарламасы, Алимова А.Е, Бикенова А.Ф,

Байгенжина Г, Бүркітбаева А.М «Нұржантану» таңдау курсының бағдарламасы 5-6 сынып, Алимова А.Е, Кулахметова К.Р, Рахимова С.Ж «Есептер практикумы» Алгебра пәні бойынша 8-9 сыныпқа арналған оқу құралы, Байхасынова А.К, Мырзаханова Ш, Байгенжина Г.К – ның «Ата мұрасы – асыл қазына» 3- сыныпқа арналған таңдау бойынша сабақтар жинағы, Жанғалиева Д.А, Молдағалиева Н.Н, Изимкулова М.Т -ң тобы құрастырған «Ағылшын тілі грамматикасы» 8 сыныпқа арналған таңдау курсы, Жаппасбаева Б.Б, Дарибаева К.Ж, Ибраева Ж.Б «Математика – ақыл ойдың патшасы» таңдау курсынан мұғалімдерге арналған сабақтар жинағы, география пәнінен Саржанова Н.М –ң «Өлкетану» оқу құралы, логопед Турсынова Е.К-ның «Дыбыс әлемі» логопедиядан бастауыш сынып оқушыларына арналған түзете - дамыту курсы бағдарламасы, Оспанова Ж.А –ның «Дидактический материал по рускому языку для учащихся 8-9 класов по подготовке к олимпиадам» оқу кешені және Қаратаева К.С, Саржанова Г.С – 5 сыныптың «Жаратылыстану пәніне арналған жиынтық бағалау жұмыстар» құрастырмасы, Әбдісәлі Қ.А 7 сынып оқушыларын арналған «Денсаулық және денсаулықты сақтау» оқу құралы авторлық қосымша оқыту құралы ретінде мектептің әдістемелік қоржынына өз үлестеріне қосуда.

Сонымен 2019 – 2021 оқу жылдары аралығында облыстық оқу – әдістемелік сараптамалық кеңес шешімімен мектептің 39 мұғалімі бұл мектеп мұғалімдерінің 40%, 17 тақырыптағы авторлық жұмыстарын қорғады деген сөз. Бұның сыртында мектебіміздің 6 мұғалімі Сейтмағанбетова Ш.Ж, Ахмет Г.Т, Байбатырова А.Т, Темирбаева М.М, Рахимова Г.У, Нарикбаева К.А., Саржанова Н.М облыстық деңгейде дарынды балаларды дайындаудағы өз іс – тәжірибелерін таратып «Ұлағат» клубының мүшелері атанды. Бұған қоса халықаралық, республикалық, облыстық деңгейде өтетін конференция, семинарларда әртүрлі тақырыпта әріптестерімен өз іс – тәжірибелерімен бөлісіп жүрген; Алимова А.Е, Каратаева К.С., Саржанова Н.М, Абишев А.Ә, Сейілхан Н, Жусупбекова Р.Қ, Рахметова К.М, Кишкентаева А.А, Сағымбаева Н.М, Еримбетова Г.Т еңбектерін атап өтуге болады.

Мектепте «Жас мамандар» мектебі жұмыс жасайды. Жаңа ғана педагогтық жұмысын бастаған мұғалімге өздігінен дамудағы қажеттіліктерін қалыптастыру мақсатында жүргізілетін жұмыстар, міндетті толтыруы керек мектеп құжаттарын рәсімдеу, сабақ жоспарын құрастыру, сабақты жоспарлау барысындағы сыныптың «барлығын, бірге» оқыту туралы, сабақты басқару, оқыту әдістері мен тәсілдері, оқыту құралдары бағыттар бойынша жұмыс жобалары қарастырылған. Педагогикалық шеберлікке ынталандыратын ғылыми – педагогикалық ізденіс , қажетті нәтижеге жету үшін оқу процесіне қатынасатындардың «барлығын» біріктіретін интегративті қызметке баулу басты назарда болуы шарт екенін бірлесіп қабылдаған. Мектептегі «Педагог - тәлімгер мектебі» тәжірибелі, озат тәлімгер ұстаздың жас маманға қолдау жасауы, алғашқы қиындықтарды жеңу әдістері, өз білімін көтерудің тиімділігін қажеттілікке айналдыру дағдысын қалыптастыру үшін жобалы жұмыс жасауды көздейді. Биылғы жылы мектебімізге 5 жас маман келсе, 0-3 жыл өтіл аралығында былтырғы оқу жылынан бергі жас мамандармен барлығы 12 жас маман бар. Оларға мектеп директоры бұйрығымен тәлімгерлер

бекітілген. Оның төртеуіне ақы төленеді. Жас мамандарға және мектепке биылғы оқу жылында келген ұстаздар үшін айына екі рет өз қажеттіліктері мен сұраныстарына сай мектеп жоспарына бойынша коучинг, семинарлар өткізіліп тұрады. Жас мамандар арасында Жақсыбай Е республикалық деңгейде, Нарчаев К.К, Нурмаганбетова А, Әбдісалық Қ сияқты облыстық деңгейге дейін сайыстарға барып құрмет грамотасы, жүлделі орын, диплом, сертификат алған, болашағынан үлкен үміт күттіретін жастарымыз да бар.

Мектебіміз өз әдістемелік жұмыстарымен қоса тірек және қамқор мектеп болып табылғандықтан Қостанай ауданының Владимировка, Озерный мектептерімен Наурызым ауданының «Наурызым ОМ» кәсіби қоғамдастықта жұмыс жасаймыз. Осы мектептермен де коучинг, семинар, ресми кездесулер өткізіп, достасып та алдық.

2-сурет



Мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін арттырып, білім жүйесіне жаңа өзгерістер енгізу мақсатында құрылған «Педагогикалық шеберлік орталығынынан», «Өрлеу» ПҚ БАИ оқу орталығынан, басқа да қашықтықтан оқытатын оқу орталықтармен байланыса отырып, мұғалімдер біліктілігін артыру перспективалық жоспар арқылы жүзеге асырылып отырады. Қазіргі күні мектебіміздің 100% мұғалімі біліктіліктерін арттыру курстарынан өтіп болды деп айтуға болады.

Негізі біліктілікті мектепішілік жетілдірудің мақсаты-

- Педагогты үнемі үздіксіз білімін жетілдіруге арналған дамытушылық жұмыс.
- Мұғалімдерді біліктілік санттарын алуға ерте бастан дайындау болып табылады.
- Ал оның формаларына тоқталсақ; семинарлар, ғылыми – практикалық конференциялар, дөңгелек стол, конференция, жиналыс, кездесу, зерттеу сабақтары, мастер – класс, ашық сабақтренингтер болып табылады.

Осығын қосымша әр сенбі сайын мектеп мұғалімдері арасындағы фокус топтар сұрауымен мектептің сапалы оқыту тәжірибесіне өзгеріс енгізу және әріптестермен, оқушылармен табысты қарым – қатынас жасаудың жаңа әдіс – тәсілдерін меңгеру үшін кездесу, отырыстар болып отырады.

Мектептің жұмысын табысты ету үшін басымдылық бағыттарын зерттеу арқылы анықтап мектептің даму жоспарын жасауда қандай қадамдарды қалай жүзеге асыру керек және одан қандай нәтижеге жетуге болады деген нақты сұрақтар төңірегінде жұмысшы, яғни өзгеріс енгізу тобымен талқылау жүргізіліп отырады, ұлттық жоба мақсатына сай даму жоспары қайта жасалып бекітілді.

Мұғалімдер бірінші кезекте көшбасшылық, қоғамдастық, коучинг, менторинг, Lesson Study, сабақтағы іс – әрекетті зерттеу, кері байланыс, формативті және суммативті бағалау, іс - әрекеттегі зерттеу т.б. жаңа ұғымдармен тереңірек іс – жүзінде танысып болып, іс – жүзіндегі жүзеге асыру барысындағы өзгерістерді зерттеп білуге жұмыс жасауда.

Сабақтағы іс – әрекетті зерттей отырып жұмыс жасау мектебімізде ай сайын әр бірлестікте өткізу тәжірибесінің қолға алынғанына биыл үш оқу жылы өтті. Осы іс - әрекеттегі зерттеу барысында біз тек оқушыны қалай оқытқан тиімді сұрағына емес, мұғалім сабақты қалай бергенде сабақ табыстырақ өтетініне де қоса назар аударудамыз. Алғашқы кезеңде мұғалімдер ынтымақтастықта топ болып жұмыс жасауда, бір - біріне деген сенімсіздік пен «өзім, жақсырақ білемін» ой - әрекеті басымырақ байқалса, соңғы уақыттарда сабақ өткізу үшін бірлесудің нәтижелерін айқын көре бастағандарын айта бастады.

Мектеп ұстаздары топпен бірлесе отырып жұмыс істеуге, өз білгенін практикалық және теориялық тұрғыдан дәлелдеуді үйренді. Уақытты тиімді пайдаланатын, проблемаларды шешу жолдарын бірге іздестіретін мұғалімдердің керек екенін мойындап әлеуметтік жағдайда ойлауды дағдыға айналдыра бастады. Идеяларын ортаға салатын, сайыстарға қорықпай баратын. бәсекелестіке дайын ұстаздар шоғыры үлкейе бастады.

Осының ең негізгі дәлелі ретінде жыл сайын 2 мәрте біліктілік санаттарын арттыру мақсатындағы аттестаттау комиссиясының негізінде «педагог – шебер, педагог – зерттеуші, педагог- эксперттер»

саны жыл сайын көбейіп, қазіргі таңда кадр сапасы 67,3%- ға жетті. Жоба 2023 жылы 70%- десек, бұған да аз қалды деуге болады.

Мектебімізде осы үш жыл ішінде төрт мұғалім Қазақстан республикасының Білім ғылым министрлігінің «Құрмет» грамотасын, алты мұғалім «Алғыс хатын» алса, бір ұстазымыз Ы.Алтынсарин атындағы медаль иегері атанды.

Үшжылдық жүйелі жұмыс нәтижесінде мектеп педагогтары:

- өз сабақтарында Қазақстан және әлемнің ақпаратты білім беру жүйесімен жұмыс жасай отырып сабақ өткізуді, оқытудың электронды даму процестерін пайдалана алады;
- жаңа ақпараттық технология және желілік ақпараттық технологияны, оқу бағдарламалары
- негізінде білім алуға бағыттай алады;
- -мультимедиялық құралдарды тиімді қолдана алады;
- -ақпараттық технологияның негізін пайдалана отырып, күрделі бағдарламаларды тиімді пайдалана отырып алған білімнің сапалы деңгейіне көше алады;
- оқытуда тиімді оқу әдістемелік құралдарды жүйелі пайдаланудың жолдарын біледі;
- саралап оқытудағы сапаға жету үшін сабақтарда табысты болу үшін алгоритімді іске асыру сәттерін тиімді таңдай алады;
- сабақтағы іс – әрекетті зерттеуде сабақтарға жаңа тиімді әдістерді ынтымақтастық жұмыс нәтижесінде таңдап конструкциялай алады.

Міне, осы табысты жұмыстар бастамасы «Даңқ пен абыройға кенелуімде мен бір адамға қарыздармын, ол – ұстазым Аристотель», - деген Ескендір Зұлқарнайын сөзін қайталайтын шәкірттеріміздің саны көбею үшін бұдан әрі де, шығармашылықпен еңбек ететін ұстаздар саны көбейеді деген оймен өз ойымызды аяқтаймыз.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Айзенк М. Психология для начинающих. М., 2004г
2. Элен Битэм, Рона Шарп. Педагогиканы цифрлық дәуірде қайта зерделеу. XXI ғасырдағы оқыту дизайны. 2013ж
3. Дейл Х. Шунк. Оқыту теориясы: Білім беру көкжиегі. 2015ж

УДК 376.3

### ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРІЛУІНЕ ҚАЖЕТТІЛІГІ БАР БАЛАЛАРҒА ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІ ІСКЕ АСЫРУҒА БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТАРДЫ ДАЯРЛАУ ПРОБЛЕМАСЫ

**Алипбаева Гульжан Агыбаевна,**

А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің аға оқытушы, биология магистрі, Қостанай қ., Қазақстан

**Базарбаева Севара Айдарқызы,**

А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің «5В010500 Дефектология» білім бері бағдарламасының 4 курс студенті Қостанай қ., Қазақстан

#### Аннотация

Өзектілігі және мақсаты. Мақала ерекше қажеттіліктері бар балаларға инклюзивті білім беруді жүзеге асыруға болашақ мұғалімдердің кәсіби дайындығын қалыптастырудың өзекті мәселесіне арналған. Инклюзивті білім беру жағдайында балалармен жұмыс істеуге болашақ мұғалімдерді даярлаудың маңыздылығы мен қажеттілігі ұсынылған және негізделген.

**Түйінді сөздер:** инклюзивті білім беру, дайындықты қалыптастыру, кәсіби дайындық, педагогтердің дайындығы, ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балалар.

#### Аннотация

Актуальность и цель. Статья посвящена актуальной проблеме формирования профессиональной готовности будущих педагогов к осуществлению инклюзивного образования детей с особыми потребностями. Представлена и обоснована важность и необходимость подготовки будущих педагогов к работе с детьми в условиях инклюзивного образования.

**Ключевые слова:** инклюзивное образование, формирование готовности, профессиональная подготовка, подготовка педагогов, дети с особыми образовательными потребностями.

#### Abstract

Relevance and goal. The article is devoted to the actual problem of the formation of professional readiness of future teachers for the implementation of inclusive education of children with special needs. The